Бірлестік отырысында қаралды:

Бірлестік жетекшісі:

_____ **Б.А. Танабаева**

Хаттама №1

«26» тамыз 2025 ж.

Келісемін:

«ZIYATKER TURAN» ЖШС

ДОІЖО: _____ **Г.Ж. Каракулова**

«26» тамыз 2025 ж.

Бекітемін:

«ZIYATKER TURAN» ЖШС

директоры: _____ **Б.С. Длимбетова**

«26» тамыз 2025 ж.

ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ ЖОСПАР

Пәні: Физика
Сыныбы: 8 «А,В,С,Д»
Мұғалімі: Аширова С.Б
Сағат саны: 68

Шымкент қаласы

2025-2026 оқу жылы

Түсінік хат

Физика 8 сыныптарға арналған (аптасына 2 сағат, оқу жылына 68 сағатты құрайды)

2025–2026 оқу жылына арналған 8-сыныптың «Физика» пәні бойынша күнтізбелік-тақырыптық жоспары Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілері, мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, үлгілік оқу жоспары және үлгілік оқу бағдарламасы негізінде әзірленді.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспарды әзірлеу барысында Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы, «Педагог мәртебесі туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасындағы баланың құқықтары туралы» Заңы және білім беру саласындағы басқа да қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілер басшылыққа алынды.

Оқу процесін ұйымдастыру барысында төмендегі нормативтік-құқықтық құжаттар басшылыққа алынды:

– Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген **«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттары»** (МЖМБС), қолданыстағы редакциясымен;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген **«Қазақстан Республикасында бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары»**, қолданыстағы өзгерістері мен толықтыруларымен;

– Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі №399 бұйрығымен бекітілген **«Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім деңгейлерінің жалпы білім беретін пәндері мен таңдау курстары бойынша үлгілік оқу бағдарламалары»**, қолданыстағы редакциясымен;

– Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №249 қаулысымен бекітілген **«Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі, орта, техникалық және кәсіптік білім беруді дамытудың 2023–2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы»**;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығымен бекітілген **«Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің үлгілік қағидалары»**, қолданыстағы редакциясымен;

– Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі №130 бұйрығымен бекітілген **педагогтер жүргізуге міндетті құжаттардың тізбесі және олардың нысандары**, қолданыстағы редакциясымен.

8-сыныпта «Физика» пәнін оқытудың негізгі мақсаты – білім алушылардың ғылыми дүниетанымының негіздерін қалыптастыру, табиғат құбылыстарын физикалық тұрғыдан түсіндіру, әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтас қабылдауын дамыту және алған білімдерін күнделікті өмірде қолдана білу дағдыларын қалыптастыру.

Оқу пәнінің мақсатына сәйкес төмендегідей міндеттер жүзеге асырылады:

1. Білім алушылардың физиканың негізгі ұғымдары, заңдары, заңдылықтары мен принциптері туралы білімдерін қалыптастыру;
2. Табиғат құбылыстарын ғылыми тұрғыдан бақылау, сипаттау, түсіндіру және талдау дағдыларын дамыту;
3. Физикалық шамаларды өлшеу, өлшеу нәтижелерін өңдеу, формулаларды пайдалану және есептер шығару дағдыларын жетілдіру;
4. Физикалық эксперименттер мен зертханалық жұмыстарды орындау, тәжірибе нәтижелерін талдау және қорытынды жасау біліктерін қалыптастыру;
5. Білім алушылардың зияткерлік, ақпараттық, коммуникативтік және зерттеушілік қабілеттерін дамыту;
6. Физика пәніне қызығушылықтарын арттыру, ғылыми-зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;
7. Физикалық білімдерін техникада, тұрмыста, қоршаған ортаны қорғауда және қауіпсіз өмір сүруде қолдана білуге үйрету.

Оқу бағдарламасында оқу мақсаттары төрт саннан тұратын кодтық белгімен көрсетіледі. Кодтық белгінің бірінші саны – сыныпты, екінші және үшінші сандары – бөлім мен бөлімшені, төртінші саны – бөлімшедегі оқу мақсатының реттік нөмірін білдіреді.
Мысалы, **8.3.2.6** кодында:
– «8» – 8-сыныпты;
– «3.2» – үшінші бөлімнің екінші бөлімшесін;
– «6» – осы бөлімшедегі оқу мақсатының реттік нөмірін білдіреді.
8-сыныптың «Физика» пәні бойынша оқу бағдарламасында физикалық құбылыстар мен заңдылықтарды теориялық тұрғыдан меңгерумен қатар, білім алушылардың практикалық және зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға ерекше көңіл бөлінеді.
Оқу барысында жылу құбылыстары, агрегаттық күйлердің өзгеруі, электр құбылыстары, электр тогы, электр тізбектері, электр тогының жұмысы мен қуаты, электромагниттік құбылыстар және физиканың практикалық қолданыстары сияқты тақырыптар қарастырылады.
8-сыныптағы «Физика» пәнінің оқу жүктемесінің көлемі **аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты** құрайды.
Оқу бағдарламасын іске асыру барысында зертханалық және практикалық жұмыстар, есептер шығару, тәжірибелер жүргізу, бақылау, өлшеу, графиктер мен кестелерді талдау, физикалық шамалар арасындағы тәуелділіктерді анықтау және қорытынды жасау жұмыстары ұйымдастырылады.
Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік талаптарына сәйкес жүзеге асырылады. Оқу процесінде қалыптастырушы бағалау, бөлім бойынша жиынтық бағалау және тоқсандық жиынтық бағалау түрлері қолданылады.
Жиынтық бағалаудың өткізілу мерзімі, тапсырмалардың мазмұны мен көлемі қолданыстағы нормативтік құжаттарға және білім беру ұйымында бекітілген бағалау кестесіне сәйкес анықталады.
Физика пәнін оқыту барысында білім алушылардың жас ерекшеліктері мен жеке оқу мүмкіндіктері ескеріліп, саралап оқыту, белсенді оқыту, тәжірибелік-зерттеу жұмыстары, функционалдық сауаттылықты дамытуға бағытталған тапсырмалар және ақпараттық-коммуникациялық технологиялар тиімді пайдаланылады.
Күнтізбелік-тақырыптық жоспар оқу бағдарламасында белгіленген оқу мақсаттарының жүйелілігі мен сабақтастығын сақтай отырып құрастырылды.
Жоспар оқу материалын бірізді меңгеруге, теориялық білімді практикалық жұмыстармен байланыстыруға және білім алушылардың пәндік құзыреттіліктерін дамытуға бағытталған.
Оқулық:
Н.А. Закирова, Р.Р. Аширов. **«Физика. 8-сынып»**. Астана: «Арман-ПВ», 2018.
2025–2026 оқу жылы барысында күнтізбелік-тақырыптық жоспар білім беру ұйымының оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктеріне, оқу күнтізбесіне және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілеріне сәйкес нақтылануы мүмкін.
Осы күнтізбелік-тақырыптық жоспар **2025–2026 оқу жылына арналған** және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормативтік-құқықтық актілері негізінде әзірленді.

Күнтізбелік-тақырыптық жоспар (КТЖ)

Сынып: 8 В 2025 /2026 оқу жылы

Пән: Физика

Мұғалімнің ТАӘ: Саламат Балтахожаевна Аширова

№	Сабақ тақырыбы	Оқу мақсаттары (коды)	Сағат саны	Күні
1	Жылулық қозғалыс, броундық қозғалыс, диффузия	8.3.1.1 – молекула-кинетикалық теорияның негізгі қағидаларын дәлелдейтін мысалдар келтіру және тәжірибелер жүргізу	1	03.09.2025
2	Температура, оны өлшеу тәсілдері, температураның шкалалары	8.3.1.2 – температураны әртүрлі шкала (Цельсий, Кельвин) бойынша өрнектеу 8.3.1.3 – температураны өлшеу дәлдігін негіздеу	1	08.09.2025
3	Ішкі энергия, ішкі энергияны өзгерту тәсілдері	8.3.2.1 – дененің ішкі энергиясын өзгерту тәсілдерін сипаттау	1	10.09.2025
4	Табиғаттағы және техникадағы жылу берілу	8.3.2.3 – техникада және тұрмыста жылу беру түрлерінің қолданылуына мысалдар келтіру	1	15.09.2025
5	Жылуөткізгіштік, конвекция, сәуле шығару	8.3.2.2 – жылу берудің түрлерін салыстыру	1	17.09.2025
6	Жылу құбылыстарының тірі ағзалардың өмірлеріндегі ролі	8.3.2.4 – әртүрлі температураларда тірі ағзалардың бейімделуіне мысалдар келтіру	1	22.09.2025
7	Жылу мөлшері. Заттың меншікті жылу сыйымдылығы	8.3.2.5 – жылу алмасу процесі кезінде алған немесе берген жылу мөлшерін анықтау 8.3.2.6 – заттың меншікті жылу сыйымдылығының мағынасын түсіндіру	1	24.09.2025
8	Жылу мөлшері. Заттың меншікті жылу сыйымдылығы	8.3.2.5 – жылу алмасу процесі кезінде алған немесе берген жылу мөлшерін анықтау 8.3.2.6 – заттың меншікті жылу сыйымдылығының мағынасын түсіндіру	1	29.09.2025
9	Отынның энергиясы. Отынның меншікті жану жылуы	8.3.2.7 – отынның жану кезінде бөлінетін жылу мөлшерін анықтау	1	01.10.2025
10	Жылу үдерістеріндегі энергияның сақталу және айналу заңы БЖБ №1	8.3.2.9 – жылулық тепе-теңдік теңдеуін есептер шығаруда қолдану	1	06.10.2025
11	№ 1 зертханалық жұмыс: «Температуралары әр түрлі суды араластырғандағы жылу мөлшерлерін салыстыру»	8.3.2.8 – жылу құбылыстарындағы энергияның сақталуын зерттеу 8.1.3.2 – тәжірибенің дұрыстығына әсер ететін факторларды талдау 8.1.3.3 – физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау	1	08.10.2025
12	Қатты денелердің балқуы және қатаюы, балқу температурасы, меншікті балқу жылуы	8.3.1.4 – теория негізінде қатты күйден сұйыққа көшу кезінде байқалатын құбылысты түсіндіру	1	13.10.2025
13	Булану және конденсация. Қаныққан және қанықпаған булар Қайнау №2БЖБ	8.3.1.5 – молекула-кинетикалық теория негізінде булану/конденсация құбылысын сипаттау 8.3.2.13 – заттың булану жылуы формуласы негізінде есептер шығаруда қолдану 8.3.2.15 – меншікті булану жылуын анықтау 8.3.2.16 – қайнау температурасының сыртқы қысымға тәуелділігін түсіндіру	1	15.10.2025
14	ТЖБ №2	—	1	20.10.2025
15	№ 2 зертханалық жұмыс: «Мұздың меншікті балқу жылуын анықтау»	8.3.2.10 – балқу/кристалдану кезіндегі формулаларды есептер шығаруда қолдану 8.3.2.12 – эксперименттен алынған мәліметтерді меншікті балқу жылуын анықтауда қолдану	1	22.10.2025

№	Сабақ тақырыбы	Оқу мақсаттары (коды)	Сағат саны	Күні
16	Термодинамиканың бірінші заңы, газдың және будың жұмысы	—	1	03.11.2025
17	Жылу үдерістерінің қайтымсыздығы, термодинамиканың екінші заңы	—	1	05.11.2025
18	Жылуқозғалтқыштары	—	1	10.11.2025
19	Жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті	—	1	12.11.2025
20	Жылу қозғалтқыштарының пайдалы әрекет коэффициенті	—	1	17.11.2025
21	Жылу машиналарын пайдаланудағы экологиялық мәселелер БЖБ №3	—	1	19.11.2025
22	Денелердің электрленуі, электр заряды, өткізгіштер мен диэлектриктер	—	1	24.11.2025
23	Электр зарядының сақталу заңы, қозғалмайтын зарядтардың өзара әрекеттесуі	—	1	26.11.2025
24	Кулон заңы, элементар электр заряды Пр №3	—	1	01.12.2025
25	Электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі	—	1	03.12.2025
26	Электр өрісі, электр өрісінің кернеулігі Пр №4	—	1	08.12.2025
27	Электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырымы, конденсатор	—	1	10.12.2025
28	Электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырымы, конденсатор	—	1	15.12.2025
29	Электр өрісінің потенциалы және потенциалдар айырымы, конденсатор БЖБ4	—	1	17.12.2025
30	ТЖБ №2	—	1	22.12.2025
31	Электростатика тарауын қайталау	—	1	24.12.2025
32	Электр тогы, электр тогы көздері	8.4.2.1 – электр тогының ұғымы мен болуын түсіндіру	1	12.01.2026
33	Электр тізбегі және оның құрамдас бөліктері, ток күші, кернеу	8.4.2.2 – қарапайым электр тізбегіндегі элементтердің шартты белгілерін қолдану 8.4.2.3 – кернеудің физикалық мағынасы мен өлшем бірлігін түсіндіру	1	14.01.2026
34	№3 Тоқсандық жиынтық бағалау	—	1	19.01.2026
35	Өткізгіштің электр кедергісі	8.4.2.7 – кедергінің физикалық мағынасы мен өлшем бірлігін түсіндіру 8.4.2.8 – есептер шығаруда меншікті кедергі формуласын қолдану	1	21.01.2026
36	№ 4 зертханалық жұмыс. «Тізбек бөлігі үшін ток күшінің кернеуге және кедергіге тәуелділігін зерттеу»	8.4.2.5 – тұрақты температурада металл өткізгіштегі кернеу мен ток күші арасындағы тәуелділік графигін салу және талдау 8.1.3.1 – зертханалық жұмыс деректерін жинап, талдау және қателікті ескере отырып өлшеулер жүргізу	1	26.01.2026
37	Тізбек бөлігі үшін Ом заңы	8.4.2.6 – есептер шығаруда Ом заңын қолдану	1	28.01.2026

№	Сабақ тақырыбы	Оқу мақсаттары (коды)	Сағат саны	Күні
38	Өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғау.	8.4.2.11 – өткізгіштерді тізбектей және параллель жалғағанда Ом заңын қолдану және электр тізбегін есептеу	1	02.02.2026
39	№ 5 зертханалық жұмыс.«Өткізгіштерді тізбектей қосуды зерделеу»	8.4.2.9 – зертханалық жұмыс арқылы өткізгіштерді тізбектей жалғаудың қасиеттерін анықтау 8.1.3.3 – физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау	1	04.02.2026
40	№ 6 зертханалық жұмыс: «Өткізгіштерді параллель қосуды зерделеу»	8.4.2.10 – зертханалық жұмыс арқылы өткізгіштерді параллель жалғаудың қасиеттерін анықтау 8.1.3.3 – физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау	1	09.02.2026
41	Электр тогының жылулық әсері, Джоуль-Ленц заңы	8.4.2.12 – электр тогының жұмысы мен қуатының формулаларын қолдану 8.4.2.13 – есептер шығаруда Джоуль–Ленц заңын қолдану	1	11.02.2026
42	№ 7 зертханалық жұмыс: «Электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау»	8.4.2.14 – зертханалық жұмыс арқылы электр тогының жұмысы мен қуатын анықтау 8.4.2.15 – кВт·сағ бірлігі арқылы электр энергиясының құнын практикалық түрде табу 8.1.3.3 – физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау	1	16.02.2026
43	Металдардағы электр кедергісінің температураға тәуелділігі, асқын өткізгіштік.	8.4.2.16 – өткізгіш кедергісі мен температура арасындағы байланысты сипаттау	1	18.02.2026
44	Электр қыздырғыш құралдар, қыздыру шамдары, қысқа тұйықталу, балқымалы сақтандырғыштар. БЖБ №6	8.4.2.17 – қысқа тұйықталудың себептері мен алдын алу жолдарын түсіндіру	1	23.02.2026
45	Электр тогының химиялық әсері (Фарадейдің заңы). БЖБ №5	8.4.2.18 – сұйықтардағы электр тогын сипаттау	1	25.02.2026
46	Тұрақты магниттер, магнит өрісі. № 8 зертханалық жұмыс: «Тұрақты магниттің қасиеттерін оқып-үйрену және магнит өрісінің бейнесін алу»	8.4.3.1 – магниттердің қасиеттерін сипаттау және магнит өрісінің күш сызықтарын салу 8.4.3.2 – магнит өрісінің қасиеттерін түсіндіру 8.1.3.3 – физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау	1	02.03.2026
47	Электромагниттер және оларды қолдану. № 9 зертханалық жұмыс: «Электромагнитті құрастыру және оның әсерін сынау» БЖБ №7	8.4.3.3 – тогы бар түзу өткізгіш пен соленоид тудыратын магнит өрісі сызықтарының бағытын анықтау 8.4.3.4 – тұрақты магнит пен соленоидтың магнит өрісін салыстыру 8.1.3.3 – физика кабинетінде қауіпсіздік ережелерін білу және сақтау	1	04.03.2026
48	Магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әрекеті, электроқозғалтқыш, электр өлшеуіш құралдар. БЖБ№6.	8.4.3.5 – магнит өрісінің тогы бар өткізгішке әсерін сипаттау 8.4.3.6 – электроқозғалтқыш пен электр өлшеуіш құралдардың жұмыс принципін түсіндіру	1	11.03.2026
49	№3 Тоқсандық жиынтық бағалау	—	1	16.03.2026
50	Электромагниттік индукция, генераторлар. Практикалық жұмыс	8.4.3.7 – электромагниттік индукцияны түсіндіру	1	18.03.2026
51	Жарықтың шағылуы, шағылу заңдары, жазық айналар	—	1	30.03.2026
52	Жарықтың шағылуы, шағылу заңдары, жазық айналар	—	1	01.04.2026
53	Сфералық айналар, сфералық айна көмегімен кескін алу	—	1	06.04.2026
54	Жарықтың сынуы, жарықтың сыну заңы	—	1	08.04.2026

№	Сабақ тақырыбы	Оқу мақсаттары (коды)	Сағат саны	Күні
55	№ 10 зертханалық жұмыс: «Шынының сыну көрсеткішін анықтау»	—	1	13.04.2026
56	Толық іштей шағылу	—	1	15.04.2026
57	Линзалар, линзаның оптикалық күші, жұқа линзаның формуласы.	—	1	20.04.2026
58	Линзалар, линзаның оптикалық күші, жұқа линзаның формуласы.	—	1	22.04.2026
59	Линзаның көмегімен кескін алу	—	1	27.04.2026
60	№ 11 зертханалық жұмыс: «Жұқа линзаның фокустық қашықтығын және оптикалық күшін анықтау»	—	1	29.04.2026
61	Көз - оптикалық жүйе, көздің көру кемшіліктері және оларды түзету әдістері	—	1	04.05.2026
62	Көз - оптикалық жүйе, көздің көру кемшіліктері және оларды түзету әдістері	—	1	06.05.2026
63	Оптикалық аспаптар БЖБ №7	—	1	13.05.2026
64	Тарауды қайталау	—	1	18.05.2026
65	ТЖБ №4	—	1	20.05.2026
66	8 сыныпта өтілген тақырыптарды қайталау	—	1	25.05.2026
	Барлығы		**66**	